

Глубокое аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 24/8-VI " Глубокое ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 қарашадағы № 36/7-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 желтоқсанда № 6350 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 қазандағы № 5/6-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 05.10.2023 № 5/6-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Глубокое аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № 24/8-VI " Глубокое ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-9 -180 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді эталондық бақылау банкіне 2018 жылғы 1 қазанда электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы келесі өзгеріс енгізілсін:

"2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) сәйкес, жеке тұлға (немесе оның нотариалдық сенімхатпен расталған өкілі)

әлеуметтік қолдау алу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына еркін түрде өтінішпен қызмет көрсетушіге немесе кент, ауылдық округ әкіміне жүгінеді және келесі құжаттарды береді;"

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қарашасынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Глубокое аудандық мәслихатының хатшысы

Е. Леонтьева

А. Баймульдинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК